

**Алға аудандық мәслихатының
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 231 «2019-2021 жылдарға арналған
Маржанбұлақ ауылдық округ бюджетін
бекіту туралы» шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына және 104 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 231 «2019-2021 жылдарға арналған Маржанбұлақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-197 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 24 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін.

1 тармақта:

1) тармақшасында :

кірістер

«49088» сандары «50273» сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімі

«45771» сандары «46956» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар

«49088» сандары «51324,8» сандарымен ауыстырылсын.

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті)

«0» саны «-2 236,8» сандарымен ауыстырылсын.

б) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру

«0» саны «2 236,8» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Алға аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Алға аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Р.Еркусимова**

**Аудандық мәслихат
хатшысы
Б.Жұмабаев**